

Сабақтың тақырыбы
Жиырма тиын



Сабақтың мақсаты: Жәнібек Кәрбозиннің
“Жиырма тиын” әңгімесі
бойынша білім беру.




Сабақтың міндеттері:

1. Білімділік: Мәтіннің мазмұнын
меңгерту, көркем
шығармаларды оқуға
қызығушылығын ояту.

2. Тәрбиелік: Оқушылардың сөздік
қорын, ойлау қабілетін
дамыту, өзіндік ой-пікі-
рін айта білуге

үйрету.

3. Дамытушылық: Оқушылардың
мейірімділік, адамгер-
шілік қасиеттерін да-
мыту.





Сабақтың әдіс-тәсілдері: 1. Ойлау, ой шақыру, пікірлесу
2. Болжау.
3. Автордың орындығы.
4. Топтастыру.

Сабақтың типі:

Жаңа білімді игерту сабағы.

Сабақтың түрі:

Аралас сабақ.



Сабақтың барысы:

- 1. Қызығушылығын ояту кезеңі*
- 2. Үй тапсырмасын сұрау.*
- 3. Өткен тақырыпты бекіту.*
- 4. Жаңа сабаққа ену.*
- 5. Ой-толғаныс.*
- 6. Қорытынды.*
- 7. Үйге тапсырма.*
- 8. Бағалау.*



1.Қызығушылығын ояту кезеңі.

а) Әнұран айту.

б) Сәлемдесу.

в) Сабаққа оқушылардың дайындығын тексеру.

г) Түгендеу.

д) Үй тапсырмасын

сұрау.

2.Үй тапсырмасы:

Әнуарбек Дүйсенбиевтің “Атай” өлеңін жатқа сұрау.





Ақпанның он тоғызы.

Жиырма тиын.





3, Жаңа сабаққа ену:

1), "Ой қозғау" Сөзжұмбақ шешу:

Қардай аппақ,
Балдай тәтті-ақ.

Екі найзасы бар,
Екі айнасы бар,
Төрт жылтырмағы бар
Бір шыбыртқысы бар.

Аузы бар, тілі жоқ,
Терісі бар, жүні жоқ,
Қанаты жоқ ұшпайды,
Су астында қыстайды.

Жылқы түмсық, ешкі құйрық,
Есек құлақ, қорқақ өзі, қыли көзді



2).Жаңа сабақтың тақырыбын хабарлау

-Бүгін біз Жәнібек Кәрбозиннің “Жиырма тиын” атты әңгімесімен танысамыз.

3).Мәтінді талдау.

-”Болжау” стратегиясын пайдаланып, мәтінді үш бөлікке бөлейік.

I-бөлік

.Басы; ”Біздің үйде төрт бала бар...

Аяғы; -Өзің түсінсеңші,- балам,-деді”.

II-бөлік

Басы;”Апамның жұмсақ үнінен...

Аяғы; жоқ болып шықты”.

III-бөлік

Басы;”Табылып қалар деп...

Аяғы; құшағына қысты”.



I-бөлік

-Алтайжан, дүкенге барып келе қойшы.

-Алташ-ау, олар қазір сабаққа барады. Менде қазір жұмысқа Кетем. Сендерге түсі тамақ әзірлеуім керек. Өзің түсінсеңші, балам, - деді.



-
-Ой, апа! Аналарды неге жұмсамайсыз? Үнемі маған; “Бар, бар!” дейсіз.



II-бөлік



-Қанат, не іздеп жатырсың?
-Қалай жоғалттың?
-Асан қайда, ол неге іздеспейді?

-Осы араға тиынымды жоғалтып алдым!
-Өлгінде Асан екеуміз осында күресіп ойнап
едік...
-Ол нан алып, үйіне кетіп қалды.



ІІІ-БӨЛІМ

-Апаң қанша нан әкел деп еді?
-Мә, мынаны ал.
-Жоқ, ұрыспайды!
-Жарайды.Енді жоғалтып алма.

-Бір нан.
-Апаң ұрыспай ма?
Рақмет!Жақсылығыңды
ұмытпаспын.
-Жоқ, жоғалтпаймын!





Мен үйге бір бөлке нан
апардым. Болған оқиғаны
апама айтып бердім.

-Дұрыс істегенсің. Мұның
адамгершілікке жатады.



4. Ой толғаныс;

1).а. "Автордың орындығы" стратегиясы.

ә. Орындыққа "автор" отырып автордың рөлін сомдайды.




2).Түйін;

-Осы әңгімені қандай мақалмен қорытындылауға болады?

-"Жаман аттан аяғым артық,
Жаман жолдастан таяғым артық".

3). "Топтастыру" стратегиясы бойынша Алтайға мінездеме беру.





5.Қорытынды;

- Сонымен бүгін не үйрендіңдер?
- Алтай қандай адам?
- Асан сендерге ұнады ма?
- Келешекте Қанат кіммен дос болады деп ойлайсыңдар?

6. Үйге тапсырма;

- а).Әңгімені түсініп оқу.
- ә).”Менің досым” атты әңгіме жазу.

7. Бағалау,

Ерекше атсалысып отырған оқушылар бағаланады.



**Келесі
кездескенше
сау болыңыздар**

!!!

